

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ

«Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасы

КУРС ЖҰМЫСЫ

3-курс, 6-семестр

Пән: Қазақ тілін оқыту методикасы

Оқытушы: Кумакбаева.Г.К

Орындаған: Утегенова Асима

Науаи – 2014

Тақырып: Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқыту методикасы.

Жоспар:

1.1.Төл сөздің диалог түрлеріндегі көрінісі -----17-20

1.2.Төл сөздің тыныс белгілері-----21-33

II - Тарау. Төл сөзбен оның тыныс белгісін оқыту-----34-38

2.1.Оқушылардың төл сөздің тыныс белгісін қоя біліп, дұрыс оқи

білуін қадағалау-----39-40

2.2. Сабақ үлгілері-----41-50

Адам сөйлегенде, я жазғанда, сол өзі баяндап отырған мәселеге байланысты немесе оған қатысы бар басқа біреулердің пікірін келтіріп сөйлейтін болады. Ондай сөздер автор үшін басқа біреудің сөзі, яғни бөгде сөз болып табылады. Бөгде сөзге әрдайым басқа біреулердің айтқанынан алынған сөздер ғана жатпайды, сонымен бірге, автордың басқа бір жағдайда, басқа бір еңбектерінде айтқан өзінің сөзінен алынған келтірінділері де жатады.

Бөгде біреудің сөзін келтірудегі мақсат – әр түрлі. Бірақ солардың ішіндегі ең негізгісі – сөйлеушінің я жазушының баяндап отырған мәселе жөніндегі өз пікірінің байымдауларының дұрыстығын дәлелдей түсу мақсаты.

Бөгде сөз — сөйлегенде не жазғанда баяндап отырған мәселеге байланысты келтірілген басқа біреудің сөзі, пікірі. Бөгде сөзді қолданудың негізгі мақсаты — баяндап отырған мәселе жөнінде автордың өз пікірі, пайымдауларының дұрыстығын дәлелдеу, соны кеңейтіп көрсету. Бөгде сөзді қолдану тәсілі әр түрлі: көп жағдайда басқа біреудің сөзі, пікірі ешқандай өзгеріссіз, түпнұсқасы сақталып, төл сөз түрінде, кейде басқа біреудің пікірі ғана сақталып, түгелдей автордың өз сөзімен берілген төлеу сөз түрінде де қолданылады.

Бөгде сөздерді қолдану тәсілі түрлі-түрлі болуы мүмкін: Бір жағдайда бөтен біреуден алынған сөз ешқандай өзгеріссіз, түп нұсқасы бұлжытылмай қолданылса, екінші бір жағдайда ол азды-көпті болса да өзгертіліп, тың сөздер, грамматикалық тың формалар қосылып немесе жеке сөздері, грамматикалық жеке формалары түсіріліп айтылуы да болмаса біреудің тек пікірі ғана алынып, ол түгелдей автордың өз сөзімен берілуі мүмкін. Соған қарай бөгде сөз төл сөз, төлеу сөз болып е бөлінеді.

Байымдау тәсіліне қарай бөгде сөз екі топқа бөлінеді.

1. Төл сөз.
2. Төлеу сөз.

Төлеу сөз- көркем шығармада кейіпкердің сөзін айтылған қалпын сақтамай, тек мағынасын ғана жеткізетін сөздер. Мысалы, ["Абай жолы"](#) романында М.Әуезов Самалбек тілмәштің Абайға айтқан сөзін былай жеткізеді:

"Оның жалғыз білгенім сол деп айтқаны: алысып жатқан екі жақ бірдей Абайды тыңдау қажет десті, бірақ олардың ішінде, арғы ниетінде қандай байлау бар екенін Самалбек білмейді. Оның ойынша, Абай не қыларын өзі жақсы аңғаратын болар. Және сол өзіне лайық көрінген дағдылы жолмен куәлік айтқаны Абай басына лайық болар" дегендей кеңес тәрізді сөз айтып бітірді".

Бұл жерде жазушының кейіпкер сөзін тікелей келтірмей, өзінше мазмұндап беру тәсілі көңіл аудармақ. Көркем шығармада кейіпкердің ішкі [монологі](#), яғни іштей айтқан ойы, кейде [төл сөз](#) түрінде басталып кейіпкердің аузынан шыққан қалпын сақтағандай көрініп, бара-бара төлеу сөз түріне ауысып, автордың сөзі болып кетеді, ал кейде сол екеуінің жігін, шекарасын айыру қиын болады. Осындай көркемдік тәсіл "Абай жолы" романында Абайды ойлану, толғану үстінде бейнелейтін тұстарда ұтымды қолданылады. Төлеу сөз тәсілін қолдану әдебиетте төл сөзге қарағанда әлдеқайда сирек кездеседі. Бұдан жазушының кейіпкер сөзін тікелей айтылған қалпын сақтап беруге көбірек мән беретіні байқалады.

Төлеу сөз – бөгде сөздің өзгеріске ұшырап, тек мазмұны сақталған түрі. Автордың өзге біреудің сөзін өз тарапынан өзгертіп беруін төлеу сөз дейміз. Мұндайда біреудің сөзінің не туралы айтқаны, негізгі ойы сақталады да, оған тән басқа ерекшеліктер: [ритмика-интонациялық бояуы](#) мен кей сөздердің [грамматикалық тұлғалары](#) өзгертіліп пайдаланылады. Төлеу сөзде бөгде сөздің тұрлаулы мүшелері жойылып, автор сөзінің тұрлаусыз мүшелеріне, яғни [бастауышы](#) ілік септікті анықтауышқа, баяндауышы табыс не барыс [септікті толықтауышқа](#) айналады. Сонымен қатар жақ өзгеріске ұшырап, бір

жақтың орнына басқа бір жақ қолданылады. Автор сөзіндегі “де” етістігі түсіп қалып, оның орнына басқа етістіктер қолданылады.

- Мысалы, Әлі бұл өңірде көктің шабан тебіндеп келе жатқанын, қыс ызғарының әлі түгел айығып болмағанын әңгіме қып отырды ([М.Әуезов](#)). Елеусіз көлдің не себепті [Қызылкен](#) атанғанын сұрады ([Т.Әлімқұлов](#)).^[2]

Төл сөз — [бөгде сөздің](#) еш өзгеріссіз, түпнұсқасы сақтала отырып қолданылған түрі. Сөйлемде басқа біреудің сөзі Төл сөз болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі автор сөзі болады.¹

Төл сөз құрамы жағынан әр түрлі болып келеді, оның жеке сөз не сөйлем болуы да, сондай-ақ бірнеше сөйлемдер тізбегінен құралған тұтас бір мәтін болуы да мүмкін. Төл сөз қандай құрамда, қай мағынада айтылса да, автор сөзімен байланыста болады. Екеуара байланыс Төл сөздің бастапқы құрылымына ешқандай өзгеріс енгізбей, өз дербестігін толық сақтаған жағдайда, де көмекші етістігі арқылы жүзеге асады.

Төл сөз автор сөзінен өзіндік [интонация](#) арқылы ерекшеленеді, сөздердің орын тәртібі еркін болады.^[1] Мысалы,

- *Құнанбай тыңдап болды да: Жарайды, айтам деп әкелгенің екен.*
- *Бірталай жерге жеткізіп айттың. Енді осымен тоқталайық! – деді,* ([М.Әуезов](#)).

Төл сөз деп - сөйлеушінің сөздік жағынан болсын, грамматикалық формалары жағынан болсын өзгеріссіз, бұлжытпай өз сөзі ішінде қолданған біреудің пікірін айтады. Біз бұл арада қалыптасқан атауды өзгеріссіз қолданып отырмыз. Шындығында, «төл сөз» деген грамматикалық атау бұл арада өзінің мазмұнына сай қолданылмаған. «Төл»деген сөз «меншікті»,

¹ Әбілқаев А. Қазақ тіліндегі төл сөз бен төлеу сөз. А., 2008.16-бет

«тән» деген мағынаны білдіреді және осы сөзде келтірілген басқа біреудің сөзі оған, яғни авторға, төл сөз бола алмайды, қайта керісінше, ол бөгде сөз болады.

Қолдану мақсатына қарай төл сөз цитат немесе диалог түрінде келеді.

Цитат түріндегі төл сөз саяси әдебиеттерде, ғылыми және публицистикалық еңбектерде қолданылады. Цитат ретінде келтірілген төл сөздің айналасында оны пайдаланып отырған жазушының я сөйлеушінің өз сөздерін қоса қолданылған түрін автор сөзі деп атайды.

Төл сөздің айналасында қолданылатын автор сөзінің мына сияқты қызметі болады. Төл сөздің кімдікі екендігі, қайдан алынғандығы, төл сөз иесінің алынып отырған үзіндінің алдында нелерді айтқаны, ондай үзіндінің қандай жағдайда ішкі сезім дүниесінің құбылыстары баяндалады.

Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру қызметінде де, деді, дегендер, дейін, дейді, депті, деп, десе және есімшенің әр алуан септік жалғаулары қолданылады.

Төл сөз құрамы жағынан әр алуан болып келеді: ол жеке бір сөз болуы да мүмкін, бір сөйлем немесе әлденеше сөйлемдер тізбегінен құралған тұтас бір үзінді болуы да мүмкін. Төл сөзді сөйлемдердің мағыналық жағынан да, құрамы мен мүшеленуі жағынан да тіліміздегі төл сөзсіз сөйлем түрлерінен ешқандай өзгешеліктері болмайды. Тілімізде қандай құрамда, қандай мағыналық сазда айтылатын сөйлемдер болса, соның барлық түрі де төл сөзді сөйлемдерде де болады.

Төл сөз қандай құрамда, қандай мағынада айтылса да, ол автор сөзімен байланысты болады. Құрам жағынан автор сөзі де әр түрлі құрылыста айтылады. Оның қандай құрамда айтылуы автордың төл сөзге байланысты нелерді байқатқысы келетініне, контекске байланысты болады. Егер автор төл сөздің кімдікі екендігін көрсетумен ғана тынатын болса, автор сөзі бір-екі сөзден ғана құралады.

Төл сөз бен төлеу сөздің мына сияқты негізгі айырмашылықтары бар:

1. Төл сөзде сөйлеуші я жазушы бөгде біреудің сөзін өзгеріссіз, қоспасыз, бұлжытпай қолданылады. Төл сөзде оның бірер сөзін өзгертеді, өз тарапынан сөздер қосады.
2. Төл сөздің айналасында міндетті түрде автор сөз жүреді. Ал төлеу сөзде автор сөзімен араласып, тұлғалық өзгеріске ұшырайды.
3. Төл сөзде сөйлемнің әр алуан мағыналық түрлері болады. Ал төлеу сөзде сөйлемнің әр алуан сағыналық түрлері сақталмайды.
4. Төл сөзде сөйлемнің бастапқы эмоционалдық, модальдық ерекшеліктерінің барлығы сақталады. Ал төлеу сөзде бұлар сақталмайды.
5. Төл сөз бен төлеу сөз жақтық тұрғыдан, жіктеу есімдіктерін қолдану жағынан біркелкі болмайды.

Төл сөздерге байланысты мынадай мысалдарды алуға болады:

1. «-Кел балалар, оқылық!»! –деген Ыбырай Алтынсарин.
2. Ыбырай Алтынсарин: «Кел, балалар,оқылық!» - деген.
3. Ыбырай Алтынсарин былай деген: «Кел, балалар, оқылық!»

Баяндаушы өзінің желісінде қолданбақ болған біреудің (не өзінің) сөзін үнемі бұлжытпай, төл сөз ретінде, айта бермей, кейде оның құрамы мен құрылысын және тұлғасын өзгертіп, өз сөзімен мазмұнын ғана жеткізеді. Мұндай сөздер **төлеу сөз** деп аталады. Мысалы: “*Кітап – адамның ең жақын досы*”, - **деді М.Горький.** (Төл сөз.) *М.Горький кітапқа адамның ең жақын екенін айтты.*(Төлеу сөз.)

Де етістігі және төл сөз құрамындағы кейбір сөздер (оқшау сөздердің басым көпшілігі, сұраулық шылаулар т.б.) төлеу сөзде айтылмай, түсіп қалады. Төлеу сөз тек хабарлы сөйлем түрінде беріледі. Мысалы: “*Бұл жер мал жайлауға қолайлы болар, сірә*”, - **деді аға шопан.** (Төл сөз.) *Аға шолпан бұл жерді мал жайлауға қолайлы болғандығын айтты.* (Төлеу сөз.)

Төл сөздің төлеу сөзге айналуына байланысты, ондағы тұрлаулы мүшелердің синтаксистік қызметі де өзгереді:

1. Төл сөздің бастауышы төлеу сөзде ілік септік жалғауы арқылы анықтауышқа айналады. (Мысалы, жоғарыда берілген төл сөздердегі **кітап, жер** деген бастауыштар төлеу сөзде анықтауыш болып жұмсалады.)

2. Төл сөздің баяндауышы төлеу сөзде сөйлемнің басқа мүшелеріне айналып кетеді:

1) Баяндауышы **айтты, хабарлады, баяндады, сұрады, өтінді, бұйырды** т.б. төл сөз иесін көрсете алатын арнайы сабақты етістіктердің бірінен жасалған төлеу сөзде төл сөздің баяндауышы (өзгерістерден кейін) табыс септігін қабылдап, тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: *“Комбайнды осылай жабдықтау керек”, - деді механизатор. Механизатор комбайнды осылай жабдықтау керек екендігін айтты.*

2) **Туралы, жайында, жөнінде** шылаулардың қатысуымен айтылған төлеу сөзде төл сөздің баяндауышы күрделі жанама толықтауышқа айналады. Мысалы: *Механизатор комбайнды осылай жабдықтау туралы айтты.*

3) Септелген **де** етістігінің (өткен шақтағы есімше түріндегі) қатысымен жасалған төл сөздің баяндауышы төлеу сөзде толықтауыш қана емес, әп түрлі сөйлем мүшесі бола береді. Мысалы: *Оның: “Өзім барайын!” – дегені бригадирге де ұнады. (Барайын – төл сөздегі баяндауыш.) Оның өзінің баратындығы бригадирге де ұнады. (Баратындығы - төлеу сөздегі бастауыш.)*

Сөйлеуші не жазушы адам өз сөзінің ішінде басқа біреудің сөзін өзгертпей сол күйінде өзгертсе, ондай сөйлемді төл сөзді сөйлеп дейміз. Мұнда басқа біреудің сөзі төл сөз болады да, сөйлеуші не жазушы адамның сөзі автор сөзі болады. Автор сөзі төл сөздің кімдікі екеніне, қандай жағдайда, қалай айтылғанын түсіндіріп тұрады. Төл сөз бен автор сөзі әдетте автор сөзінің құрамында қолданылатын де (деді, деп, дейді, дегендей) көмекші етістігі арқылы байланысады. Төл өз бен автор сөзінің орналасу тәртібі төмендегідей болады:

1. Төл сөз автор сөзінен кейін тұрады. Мысалы: *Жиренше сөз таба алмай ұялып қысылып қалды: “Ұят болды. Өзім де өкіндім”.*

2. Төл сөз автор сөзінен бұрын тұрады. Мысалы: “Дені сау кісіге қарап отыру қиын ғой,” – деп Жамал дауысын солғындау шығарды.

3. Төл сөз автор сөзінің ортасында тұрады. Мысалы: Келді де: “Абай, шырағым, сені әкең шақырып жатыр,” – деді.

4. Төл сөз автор сөзінің екі жағында тұрып, автор сөзі төл сөздің ортасында орналасады: “Өз өлеңім емес,” – деді мынау үлкендердің шамасын біраз қылжақ еткендей боп, - “бағана кешке Шөжені көріп ем, соның өлеңі”.

Кейде төл сөз бен автор сөзінің көп құрамды күрделі түрі де көп кездеседі. Ол сабырлы, момын пішінмен: “Шүкіршілік, әке, - деп біраз тұрады да:” – “Ат барған соң дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын, ватикасын алып қайттым,” – деді. Төл сөз бен автор сөзі бір-бірінен арнаулы тыныс белгілері арқылы бөлінеді. Төл сөз әдетте тырнақшаға алынады да, төл сөз хабарлы сөйлем болса, үтір (сөйлем бітсе нүкте), лепті сөйлем болса леп белгісі, сұраулы сөйлем болса, сұрақ белгісі қойылады. Төл сөздің алдында тұрған автор сөзінен кейін қос нүктесі қойылады да, төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан сызықша қойылады. Оны сызбамен (схемамен) былай көрсетуге болады:

1. “Төл сөз,” – автор сөзі
2. автор сөзі: “Төл сөзі”.
3. автор сөзі: “Төл сөз,” – автор сөзі.
4. “Төл сөз,” – автор сөзі, - “Төл сөз”.

Кейде тырнақшаға алынбай, төл сөз сызықшамен басталып жазылады.

Схемасы:

Автор сөзі – төл сөз, - автор сөзі.

- Төл сөз, - автор сөзі.

Төл сөз автор сөзімен байланысты болады дедік. Бірақ ол байланыс төл сөздің бастапқы құрылысын өзгерту, оған грамматикалық жаңа дәнекерлер қосу арқылы болмайды. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін, оның тіпті жеке бір сөзінің грамматикалық формасын өзгертіп

айтатын болса да, ол төл сөз болудан қалады.² Сондықтан төл сөздің автор сөзімен байланысы оның бастапқы құрылысына ешқандай өзгеріс енгізбей, өз дербестігін толық сақтау жағдайында жүзеге асырылады. Төл сөзбен автор сөзі арасындағы байланысты қамтамасыз ететін байлауыш дәнекер- *де* көмекші етістігі.

Төл сөздің бастапқы дербестігін толық сақтай отырып, оның автор сөзімен байланыстыру функциясын *де* етістігінен басқа ешбір сөз, ешбір грамматикалық форма атқара алмайды. *Де* етістігінің – төл сөздің төл сөз екенін танытудағы қасиеті де осы функциясында.

Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру функциясында қолданылғанда *де* етістігі *деді, дегендер, дейін, дейді, депті, деп, десе* және есімшенің әр алуан септік жалғаулы түрлерінде айтылады.

Мысалы:

- *Тым бері бұрыла бермеңіз, күнбатысқа таман жүрейік, - деді жолдасым.*
- *Жамандатқыр, мынау бір ит екен, тіпті жүрмейді, -деп, қамшымен салып-салып жіберді. Әжем мені оятып:*
- *Жапнас келіп қонып жатыр. Базарбаймен көрісіп, қарағымды сүйіп келдім,-дейді. Келе жатқандар:*
- *Анау кім? – десті. Әбдірахман:*
- *Шұғаны алмай тынбаймын,-деумен болды.(Б.Майлин.)*

Төл сөз бен автор сөзін бір-бірімен байланыстырушы *де* етістігінің жоғарыда көрсетілгендей формалық құбылыстарда келіі оның өзінен кейін тағы қандай сөздердің айтылуына және сонымен синтаксистік қатынасқа келу қажетіне байланысты болады.

Автор сөзі орналасуы жағынан да түрлі-түрлі болады: төл сөзден бұрын келіі де, төл сөзден кейін келіі де, төл сөздің екі жағынан бурдей келіі

² Әбілқаев А. Қазақ тіліндегі төл сөз бен төлеу сөз. А., 2008.28-бет

де, төл сөздің ішінде келіі де мүмкін. Соған қарай оның құрылысы да әр түрлі болады.

Автор сөзінің төл сөздің алдында ғана келіі оның басқа оренда қолданылатын түрлеріне қарағанда, сирекірек қолданылады. Автор сөзінің бұл түрі формалық жағынан тиянақты болып, төл сөзбен онша тығыз байланыста айтылмайды. Одан кейін төл сөздің келтірілетіндігі оның тек мағынасынан ғана байқалып тұрады. Мысалы:

Әбіш аз ойланып отырып, ендігі сөзін бастады:

-Қадірлі Мағыш, мен осы келгенде, ең алдымен, сізден кешірім өтінгелі келдім:

Әбіш сөйлеп отыр:

-Мен сізді байлаусыз, жауапсыз ұзақ күттіргеніме кешірім сұраймын. (М.Әуезов.)

Төл сөзден бұрын келетін автор сөзі ке йде өзінен кейін төл сөздің келетінін білдіре, соған нұсқай айтылады. Мұндай жағдайда автор сөзі ішінде *мынау, былай, мынаны* дегендер тәріздіс сілтеу мәнді сөздер де болады. Мысалы:

*Сөзінің қорытындысында ол **былай** деді:*

- Әлде мені сабаққа жаңа түскен бала деймісің? Сендер білгенді мен баяғыда білгенмін. Сендер көргенді баяғыда көргенмін.

*Оның айтқаны **мынау**:*

- Мен үшін қам жемеңдер. Не істеуді өзім де білемін.

Автор сөзі төл сөзден кейін келеді. Мұндай жағдайда төл сөз бен автор сөзі арасында әрдайым де етістігі ке леді және ол жоғарыда айтылғандай, әр алуан тұлғада тұрады. Егер автор сөзі төл сөздің иесін атаумен ғана тынатын болса, **де** етістігі тиянақты формада айтылады. Мысалы:

*- Сабырды саботажна, насихатты бос былышылға айналдырмау керек, -**деді** Аман. (Ғ.Мұстафин.)*

*- Осының жылқысы мыңга жетеді. Сиқын қарашы, -**дейді** Тоқбай, «Көпті жамандаған көмусіз қалады» дейді халық мақалы.*

Автор сөзінің мұндай құрамды түрінде де етістігінің дәнекерлік қызметінен гөрі, сөйлемге тиянақтылық мән беру, аяқтап тұру қызметі басым болады. Ол төл сөзді өз жетегіне алады да, сонымен бірігіп барып, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады.

Төл сөзден кейін келген автор сөзі кейде өз алдына жеке бір немесе бірнеше жай сөйлемдерден құралған күрделі болып та келеді. Мұндай жағдайда да етістігі есімше, көсемше я де шылаулы формада айтылып, төл сөзді автор сөзімен байланыстыру қызметін атқарады.

Автор сөзінің төл сөзден кейін келіі көркем шығармаларда болатын диалогты сөйлемдерде өте жиі қолданылады да, цитат түрінде келетін төл сөздерде өте сирек болады. Ол – төл сөздің бұл екі түрінің өзіндік ерекшелігіне байланысты.

Автор сөзінің қазақ тілі синтаксисінде көп қолданылатын және ертеден келе жатқан көне түрі - төл сөздің екі жағында келетін түрінің атқаратын қызметінде немесе мағынасында алдыңғы екі түрінен ерекше өзгешелігі жоқ. Бұл, негізінде, алдыңғы екі түрдің бір жерге топталуы дүруге болады. Мысалы:

Аман құрама ауылдан көз алмай келе жатып:

-Жақаңның қолына болыстық тимей жүр екен ғой,-дейді.

Мақаш Аманға арап:

-Бәлем, өзіңнен зорна кездессің, жым боларсың! – деп қояды.

(Ғ.Мұстафин.)

Қазақ халқының ұлы ағартушысы, тұңғыш педагогы Ыбырай Алынсарин: «Қазақ халқы – азбаған халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды. Оның ой-пікірі ер кін. Оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр», -деп жазған болатын.

1.1. Төл сөздің диалог түріндегі көрінісі

Тіліміздің қазіргі синтаксистік құрылысына автор сөзінің бұл түрінде төл сөзден бұрын келген бөлшегі аяқталмаған, тиянақсыз түрде айтылады да, төл сөзден кейін келген бөлшегі тиянақты түрде айтылады. Ал ертеректегі әдебиеттерде бұлардың құрылысы бір аз өзгешерек болып келеді. Мысалы:

Сонда Төлеген үш рет дауыстап шақырды: «Бұл йде кім бар? Сен еркекпісің, ұрғашымысың? Тірі адам бармысың?»-деп. (Қыз Жібек.)

Бұл келтірілген мысалдардың барлығында да, төл сөздің алдында келген автор сөздері етістіктің тиянақты түрлеріне аяқталған да, төл сөзден кейін деп. етістігі келіп отырған. Автор сөзінің мұндай құрылыстағы түрі ауыз әдебиетіне жататын шығармаларда, сол сияқты, Ыбырай, Абайлардың қара сөзбен жазылған еңбектерінде көп кездеседі. Ал әдеби тіліміздің қазіргі синтаксисінде де етістігінің, жоғарыдағыдай, көсемше формалы түріне аяқталатын төл сөзді сөйлемдер болмайды. Егер төл сөзден кейін келген де етістігі көсемше формада айтылатын болса, одан кейін не басқа бір тиянақты сөз келеді немесе тұтас сөйлем айтылады.

Автор сөзінің төл сөздің ішінде келетіні де болады. Төл сөз бен автор сөздің мұндай қатынасы әдеби тілімізде кейінгі дәуірлерде қалыптасты. Төл сөз бен автор сөзінің бұл құрылыстағы түрі қазірдің өзінде де онша етек алып кете қоймағанмен, төл сөздің диалог түрінде болсын, цитат түрінде болсын, сирегірек болса да, кездесіп қалып отырады.

Төл сөзде сөйлеуші я жазушы бөгде біреудің сөзін ешқандай өзгеріссіз, қоспасыз, бұлжытпай келтіреді. Төл сөздің айналсында міндетті түрде автор сөзі жүреді және ол екеуінің жігі айқын бақалып, бір-бірінен бөлектеніп тұрады. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін оған тұлғалық өзгерістер енгізу қажет болмайды, тек дәнекер ретінде де етістігі қолданады.

Төл сөздің айналасында міндетті түрде автор сөзі жүреді және ол екеуінің жігі айқын байқалап, бір-бірінен бөлектеніп тұрады. Төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін оған тұлғалық өзгерістер енгізу қажет болмайды, тек дәнекер ретінде де етістігі қолданылады.

- Мына Малқар ақсақалды ертіп келдік,- деді Жақып.(Ғ.Мұстафин.)

Мұнда екі жай сөйлем бар: бірі – төл сөзді сөйлем де, екіншісі – автор сөзінен құлаған сөйлем. Ал осыны төлеу сөзге айналдырып, Жақып, Жақып Малқар ақсақалды ертіп келгендігін айтты деп құрсақ, төл сөзді автор сөзінен бөліп тұрған деді етістігі қолданылып, төлеу сөз бен автор сөзі қосылып, бір ғана жай сөйлем болып қалады.

Төл сөзде сөйлемнің әр алуан мағыналық түрлері болады. Ол хабарлы да, сұраулы да, лепті де болып келеді. Соған қарай оның әр сөйлемнің өзіне лайықты сазы, интонациясы, ритмика-мелодикалық ерекшеліктері болып отырады.

Төл сөзде сөйлемнің бастапқы эмоциялық, модалдық ерекшеліктерінің барлығы да сақталады. Төл сөз иесі қолданған одағай, қаратпа сөз, қыстырма сөздер бұлжытпай беріледі. Ал төлеу сөздер олай емес. Мұнда төл сөздегі эмоциялық, модалдық ерекшеліктерді сақтау, одағай, қаратпа сөз, қыстырма сөздерді өзгертпей беру тіпті мүмкін емес, сондықтан бұлар төлеу сөзде түсіріліп қалдырылады. Мысалы:

- *Жақсы келдің, **шырағым**,-* деді Қалабай Аманға.
- *Берген перде бұзбаушы ма еді, тәйірі!* – деді Қалабай.

Міне, бұл келтірілген мысалдардағы төл сөздерде оқшау сөздердің әр алуан түрлері бар. Соларға қарай сөйлемдердің интонациялық, эмоциялық ерекшеліктері де түрлі-түрлі. Бірақ оларды төлеу сөзге айналдырсақ, ол ерекшеліктердің бірде-бірі қалмайды.

Мүмкін жоғарыдағы төл сөздердің кейбіреулерін төлеу сөзге мұндағы келтіргендерін өзгешерек етіп айналдыруға да болар, бірақ қалай болғанда да, олардың құрамдарындағы оқшау сөздерді әр сөйлемнің интонациялық,

эмоциялық ерекшеліктерін сақтауға болмайды. Оны сақтауды төлеу сөздің синтаксистік құрылысы көтермейді.

Төл сөз бен төлеу сөз жақтық тұрғыдан, жіктеу есімдіктерін қолдану жағынан да біркелкі болмайды. Төл сөзде іс-әрекеттің иесі өзі болған жағдайда автор жіктеу есімдігінің бірінші жағын қолданып сөйлей береді. Ал төлеу сөзде олай етуге болмайды. Біз жаңа төл сөз құрамында болатын көптеген сөздердің төлеу сөзде берілмейтіні, беру мүмкін емес екендігін айттық. Тек жеке сөз ғана емес, сөйлеушінің ішкі сезіміне, эмоцияналдық күйіне байланысты қолданылатын көптеген төл сөздер төлеу сөзге айналдыруды көтермейді. Мысалы:

Ойбай-ай, енді қайтейін! Қалеке-ай, мынаның қорлығын-ай! Ойпырым-ау, жаным-ау! Ассалаумәлікем, Тәке! Әліксәлем! Әп, бәрекелді, келісің болайын! – дегендер тәріздес төл сөздерді төлеу сөз түрінде беру тіпті мүмкін емес.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың тілімізде қалыптасқан, ежелден келе жатқан тұрақты тәсілдері бар. Ол тәсілдердің ең негізгісі және өте жиі қолданылатыны – төл сөзде сөйлемнің тиянақты баяндауышы болып тұрған сөзге табыс жалғауын жалғау арқылы оны автор сөзімен байланыстыру тәсілі. Мұндай жағдайда төл сөздің баяндауышы болып тұрған етістік қай шақта, қай райда айтылуына қарай, алдымен етістіктің есімше түріне айналады да, содан кейін барып табыс септігін қабылдайды. Кейде табыс септік жалғауы есімшеге -дық, -дік жұрнағы мен тәуелдік жалғауы арқылы жалғанады. Мысалы:

- *Өстіп жүргенде өлшеулі өмір бітіп қалып, жаңа өмірді көре алмай кетем деп қорқамын,-* деді Аман сөйлеміндегі төл сөзді төлеу сөзге: *Аман өстіп жүргенде өлшеулі өмір бітіп қалып, жаңа өмірді көре алмай кетем бе деп қорқатынын айтты* деп айналдыруға болады.

Мұнда төл сөзді автор сөзімен байланыстыру үшін төл сөзді сөйлемнің баяндауышы болып тұрған қорқамын сөзіндегі жіктік жалғау айтылмай,

қорық сөзі табыс жалғаулы есімшеге айналдырылған. Бұл сөзге есімше жұрнағы мен жалғау арасына –**дық** жұрнағы келтіріліп, қорқатындығын деп те айтуға болады. Мысалдан көрініп тұрғанындай, төлеу сөзге айналдырғанда, төл сөздің тиянақты баяндауыштарының кейбіреуі есімшенің табыс жалғаулы түрінде айтылса, екінші біреуінің тұйық райдың табыс жалғаулы түрінде айтылатынын, ал енді біреулеріне *екен, керек* сөздерінің көмекші болып қосылып айтылатынын көреміз.³

Сөйтіп, төлеу сөз автор сөзімен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысады. Бірақ солардың қай-қайсыларында болса да табыс жалғауының қатынасы бар. Сондықтан да табыс жалғаулы төл сөзді төлеу сөзге айналдырудағы, оны автор сөзімен ұштастырудағы бірден-бір шешуші форма болып есептеледі.

Төл сөздің баяндауышы болып тұрған сөздің төлеу сөзге жоғарыда айтылған сөз түрлерінің қайсысымен берілуі оның қай сөз табынан болғанына, егер етістіктен болса, оның қай райында, қай шағында айтылғанына байланысты болады.

Өйткені төл сөз төлеу сөзге айналғанда да ондағы әрекеттің шақтық мағынасы белгілі дәрежеде сақталады. Осы себептен егер төл сөздің баяндауышы өткен шақты немесе нақ осы шақты білдіретін етістік формасына айтылса, төлеу сөзге айналғанда, ол есімшенің –қан,-ған,-кен,-ген жұрнақты түрі арқылы беріледі де, егер ол етістіктің келер шақ формасында айтылса, төлеу сөзге айналғанда, -тын,-тін жұрнақты есімше арқылы беріледі.

Ал егер, төл сөздің баяндауышы етістіктің бұйрық рай формасында айтылса, төлеу сөзде ол тұйық рай формасына айналады. Баяндауышы есім сөзден я есім сөздің араласуынан, я болмаса атау тұлғалы тұйық райдан болса, төлеу сөзге айналғанда, е етістігі көмекші болып келеді. Бұл айтылған қорытындылар жоғарыда талданған мысалдардың қай-қайсынан болса да байқалады.

³ Ж.Даулетбекова. «Қазақ тілі» Алматы. «Атамұра» 2002ж.

1.2. Төл сөздің тыныс белгілері

Төл сөз екі түрлі қолданылады: бірі – төл сөзді текст ішінен бөлмей, абзацсыз (жаңа жолсыз) қолдану; екіншісі – төл сөзді абзацпен бөліп тастау.

Бірінші жағдайда төл сөз тырнақшаға алынады, екінші жағдайда сызықша арқылы жазылады:

- 1) Әкей оқта-текте иінін қозғап қалып, күбірлеп сөйлеп те қояды:
«Генерал – поручик!..Ол менің ротамда сержант қана еді! Содан бері көп-ақ өткені ме?...»
- 2) – Асан үйінде екен,-деді біреу жүгіріп кеп.
 - Қалима ше?
 - О да үйінде.(С.Мұқанов.)

Төл сөзбен автор сөзінің орналасу тәртібіне қарай тыныс белгілері былайша қойылады:

1.Әуелі төл, одан кейін автор сөзі келгенде, төл сөз екі жағынан тырнақшаға алынады да, автор сөзінен бұрын, төл сөз болып тұрған сөйлем хабарлы болса, ятір мен сызықша; лепті болса, леп белгісі мен сызықша; сұраулы болса, сұрау белгісі мен сызықша да қойылады. Мұндайда ятір тырнақшаның сыртына қойылады, ал сұрау, леп белгілері және көп нүкте тырнақшаның ішіне қойылады. Мысалы:

“Мұны мен бұрын бір жерден көрдім”,-деп ойлады ұста.

“Мұны мен қайдан көрдім”,-деп ойлады ұста.

“Мұның кім екенін қайтсем де білуім керек!”, -деп өзіне серт берді ұста.

“Бұл кім болды екен, әлде...”, -деп ойлай бастады ұста.

Сызықшаға алынып жазылуға тиісті төл сөздердің тыныс белгілері де дәл осындай. Тек олар екі жағынан тырнақшаға алынбайды. Оның орнына төл сөздің алдына сызықшаға қойылады да, жаңа жолдан басталып жазылады.

2. Төл сөздің алдынан келген автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады:

1)Ұста: “**Мұны қайдан көрдім?**”-деп ойлады.

2)Кісілер тарап кеткеннен кейін,ол Павелге қарап:

-Павлуша,сен кімсің?-деп сұрады.

Сөйлем тырнақшаға алынған төл сөзбен аяқталып тұрса, нүкте тырнақшаның сыртынан, ал леп,сұрау белгілері мен нүкте тырнақшаның ішінен қойылады.Мысалы:

Ұстаның ойлағаны: “**Мен мұны бір жерде көрдім**”.

Ұстаның ойлағаны: “ **Мұны мен қайдан көрдім**”.

3.Автор сөзі төл сөздің ортасында келгенде, тыныс белгілері төрт түрлі қойылады.

а) Автор сөзі төл сөз болып тұрған тұтас сөйлемді екіге бөліп тұрса, автор сөзінің алды-артынан үтір мен сызықша қойылады.Төл сөздің екінші жартысы кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

1)-Мені,-деді Амантай далаға шыққан Асқарға,-губернатор шақырған екен. Еріп жүрші, шырағым.(С.Мұқанов.)2. “Я,”-деп ойлады, шелегін босағаға қойып...далаға шыққан Айбала,-қуанатын жөні бар. (С.Мұқанов.)

ә)Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы өз алдына хабарлы сөйлем болса, автор сөзінен бұрын үтір мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша, автор сөзінен кейін нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады.

1)-Трест жанып жатыр,-деді Валя келтесінен, даусын көтере сөйлеп.

2) –Жоғары шық,-деді үйге кірген Асқарға Балтабек.

б) Екіге бөлінген төл сөздің бірінші жартысы лепті, сұраулы сөйлем болса, немесе леп белгісі қойылуға тиісті леп белгісі, не сұрау белгісі мен сызықша қойылады да, соңынан нүкте мен сызықша қойылады. Төл сөздің екінші жартысы бас әріптен басталып жазылады, ал автордың сөзі кіші әріптен басталып жазылады. Мысалы:

1)-Бұл не жұмбақ?-десті екеуі қосынан.-Көл ортасында бұл жалау қайдан пайда болды?

в) Төл сөздің бірінші жартысынан кейін көп нүкте қойылуға тиісті болса, автор сөзінің алдынан көп нүкте мен сызықша, автор сөзінен кейін алдыңғы бөлікке қарай не үтір мен сызықша, не нүкте мен сызықша қойылады.

1) – **Жаңа...**-деді шал сасқалақтап,**-Итбайдың төре баласы Сарыбас...солдатпен кеп шешенді атып өлтіріп кетті... Саған кетті..Жасырын!**

2) – **Енді айналмай-ақ қоярмыз...**- деп сыбырлады.**-Былайырақ шығайық та, ауладан аттан түсейік...**

4. Кейде автор сөзі төл сөздің ортасында бір, соңында келеді. Ондайда автор сөзінің алдыңғысына тыныс белгілері төл сөздің екіге бөлініп қолданылғанындай қойылады. Соңғысының алдынан әдеттегідей тыныс белгілері қойылады: Мысалы:

1) Алдыңғы күні барлаудан қайтып келіп, Семен маған:

- Санитар машинасымен бара жатқан бір қазақ қызын көрдім. Құдай біледі, сол сенің Ақботаң,-деді.-Мұндай ұқсамас, - деп бастады да, артығырақ кетіп бара жатқанын өзі де андап, тоқтай қалды.(Ғ.Мүсірепов.)2) –Әрине, түсінем ғой. Бізге қай жерде жасалған танкіні жіберсе де бәрібір ғой. Тек танк болсын. Бірақ әлдене үшін Сталинград танкілерін көргім келеді,-деп жымыды да,- туысқандарым келердей күтемін,- деп аяқтады.(Ғ.Мүсірепов.)

Төл сөзді екіге бөліп тұрған автор сөзінің алғашқы жартысы мағына жағынан төл сөздің алдыңғы бөлігіне, соңғы жартысы төл сөздің екінші бөлігіне қатысты болса, автор сөзінің соңына қос нүкте мен сызықша қойылады.

Кейде төл сөз бен автор сөзінің арасы де етістігінің көмегінсіз, тек іргелесіп тұру арқылы байланысады. Ондайда тыныс белгісі де дәнекері тұрғандағыдай қойылады.

Сонымен бірге тырнақшаға алынатын төл сөздер де бар:

1. “Айтылмаған”сөздер, яғни біреудің ойлағаны, айтға оқталып, бірақ әлі айтпағаны:

- 1) “Еркем, неғып тұрсың?”-деп қала жаздаған Айбала..аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды.
- 2) “Ә,-деп ойлады Асқар,- жас қызды бұл еркем дейді екен ғой. Аты сол ма екен, әлде еркелетіп қойған аты ма екен?”
2. Көркем шығармада жалпы әңгіме желісінен ауытқып келтірілген диалог тырнақшаға алынады. Мысалы:
“Сандықтың аузын аша бер, әке!”- деген еді Итбай Байсақалға, Қотыркөлге аттанарда.
3. Сызықшамен жазылған төл сөздің ішінде келген төл сөз тырнақшаға алынады. Мысалы:
1) –Қорықтың ба, шырағым?-деді шал. Қорықсаң да, айтайын, Жаңа Итбайдың Сарыбасы кеп: “Шахтаға жан жолатпа, ешкімді шығарма да, кіргізбе де!,-”-деп кетті.(С.Мұқанов.)
4. Өлең ішіндегі төл сөздер көбінесе тырнақшаға алынады:

Сарқылмас сөзі таудың бұлағындай,
Сиқыр сөз көлдің сұлу құрағындай.
Жортады желмаядай шал кеңеске:
“Осылай болған екен, шырағым-ай”

(С.Мұқанов.)

Өлең ішіндегі төл сөз сызықшаға алынуы да мүмкін:

Қоя бердім өлеңді
Жыршыларға қаратып:
-Ей, жыршылар, жыршылар!
Жыр айта ма осылай!

(Жамбыл.)

- 5.Көркем шығармалардың ішінде келтірілген үлкенді-кішілі хатар тырнақшаға алынады:

Екі қыз бұл хабарға өте қуанышты жүргенде, қысқаша жазылған хат та келіп қалды:

«Бұл хатты билетімді қалтама салып алып жазып отырмын,-деп жазыпты ол, - жеке ісіме жазылатын қатты сөгісім бар, оны ісіммен алдыруға сенем...»

6.Цитат да тырнақшаға алынады. Мысалы:

«Бұл жөнінде Ы.Алтынсариннің әр заманда, әр ортада ескі ертегінің жаңғырып, өскелеңдеп, өзгеріп отыратыны турасында айтқан пікірін еске аламыз: «Ой мәдениеті мен халық шығармасын өсіруде көне ертегілерді әр жыныстың, ұлттың, әр таптың өзгертіп қосымша болғанына күдіктенуге болар ма екен».(М.Әуезов.)

Мақалдар да тырнақшаға алынады, бірақ оның алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері қойылмайды. Мысалы: **«Қалауын тапса, қар жанады»** деген мақал бар.

Біреудің сөзі мағына жағынан сөйлемге жанастырыла алынады. Олар да тырнақша арқылы жазылады, бірақ алды-артынан төл сөзге тән тыныс белгілері қойылмайды және кіші әріптен басталып жазылады.

Де етістігі келген сөйлемдердің бәрінде де төл сөз бола бермейді;олар мыналар:

а) **Деп, дегеніміз** деген сөзде бастауыш пен баяндауыштың арасында дәнекер болып келеді.

1)Сауатты болу дегеніміз – дұрыс жазып, дұрыс сөйлей білу.

2)Синекдоха деп сөз мағынасының бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны, үлкеннің орнына кішіні қолданудың және керісінше қолданудың негізінде ауысуын айтамыз.

ә) **Дейміз, деп аталады, деп айтамыз** деген сөздер күрделі баяндауыштың құрамында келеді.Мысалы:

1)Дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналыр басқа-басқа сөздерді омонимдер дейміз

2)Ғылыми жорамалдар гипотеза деп аталады.

3)Қышқылдардың және сілтілердің әрекетінен түсі өзгертін заттарды индикаторлар деп атайды.

б) **Деген** деген сөз өзінің алдындағы сөзбен қосақтасып, күрделі мүшенің құрамында тұрады, ондайда деген формасы «деп аталатын, арналған» деген етістіктердің мағынасын береді. Мысалы:

1) **Сен дегенде** ойым таза.

2) **Оспан деген** – әдепті бала

в) Кейбір сұрау және белгісіздік есімдіктері **де**-нің формаларымен тіркескенде, сұрау интонациясымен ерекше бөлінбесе, төл сөз болмайды.

Мысалы: 1) Сен **не дедің**?

2) Ол **ештеңе деді ме**?

3) Мен оған **былай дедім**.

Де етістігі бірқатар есімдіктермен тіркескенде, оны айтты деген етістікпен алмастыруға болатын болса, төл сөзді құрылыс болмайды:

1) Сен **не дедің** – сен **не айттың**.

2) Ол **ештеңе демеді** – ол **ештеңе айтпады**.

г) **Де** етістігінің формалары тұрақты сөз тізбегінің құрамында келгенде төл сөз белгісі болмайды: күн демей, түн демей, ай десе аузы, күн десе көзі; ә дегенде; әу десе дем жер; әй дер ажа, қой дер қожа жоқ; әрең дегенде; керек десең т.б.

ғ) Баяндауышы **де** етістігінің қатысуы арқылы жасалған бағыныңқы сөйлемдер төл сөз болмайды:

1) Сен келе ме деп, күн ұзын үйде отырдым.

2) Айбала сүйікті көретін қайын сіңлісінің қуанышты сезімін бұзбайын дегендей, аузына келіп қалған сөзді ернімен бөгей қойды.

д) Сөйлем ішінде белгілі бір сөзге баса көңіл аудару үшін деймін деген сөз тіркесі айтылғанда, ол төл сөзді құрылыс болмайды:

1) Әй, Баянды деймін, осы дүниені Қызылжарға апаратын менмін ғой.

2) Түсімде деймін үлкен дарияның жағасында тұрмын.

3) Тоқта деймін, тоқташы.

Төл сөз **де** етістігінсіз айтылып, заттық мәнге ие болады да, сөйлем мүшесі болып тұрады. Мұндай төл сөзге зат есімге тән септік, тәуелдік т.б.

жалғаулар жалғана береді. Бұлар тырнақшаға алынып бас әріптен басталып жазылады, оның өзі сұраулы сөйлем болса, тырнақшаның ішіне сұрау белгісі, лепті сөйлем не сөз болса, леп белгісі қойылады, ал хабарлы сөйлем не жеке сөздер болса, еш нәрсе қойылмайды, алды-артынан төл сөзге тиісті тыныс белгілері де қойылмайды. Жалғанған қосымшалар тырнақшаның сыртына дефис арқылы жазылады.

Де етістігінің қатысуы арқылы жасалған нақты бастауышы жоқ жақсыз сөйлемдер де төл сөз болмайды. Мысалы:

1)Қыстайғы қардың көптігіне қарағанда, биыл егін бітік болар дейді.

2) Осы күні сол ара

Жайнаған қызыл гүл дейді.

Дейді түні жап-жарық,

Қыста да гүлі гүлдейді.

-Айын,-ейін жұрнақты етістік пен де етістігі тіркесіп келіп, қалау, тілек мәнді сөйлемдер жасалады, олар да төл сөзді құрылыс болып саналмайды;

1.) Киноға барайын деп едім. 2.) Бөлтірік қашайын деп еді, күзен ытқып келіп, желкесін қырқып алды.

Төл сөзбен автор сөзін байланыстырып тұрған деп и етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (деп сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады. Т. Т.). деп-тен кейін үтір қойылмайды.

Төл сөз бен авотор сөзін байланыстырып тұрған деп етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (деп, сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады), деп-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

1) Абай Асылбайдан:

- Қалада не хабар бар? – деп сұрады. (М.Әуезов)

2) «Егер Амантай болса, кескіні маған ұқсайды, мен інісі едім дейін»,- деп ойлады ол. (С.Мұқанов.)

Егер деп-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, деп-тен кейін үтір қойылады. Мысалы:

1) – Тұр! –деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты.

2) Абай:

- ... Бірақ ондай-ондай сән табылар, ән табылмайды ғой! – деп, шіміркпей күлді де, жастарға қарай бұрылды.

3) – Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсың, Сикорскийдің конторына кел, - деп, кейін қарай бет алды. (Ғ.Мүсірепов.)

Төл сөзден кейін де етістігінің десе, дегенмен, дегенде, деген соң, дегенше, дегеннен кейін деді де түрлері тұрса, бұлардан соң үтір қойлады. Бұлардан кейінгі сөздер автор сөзі болмай, төл сөз болса, қос нүкте қойылады: Мысалы:

1) Бозторғайды аяған жұрт: «Бұ бишара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?»-десе, біреу: «Төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады», - дейді.

2) Балалар:

- Айдағанға көне ме ол, ата? – десе:-Неге көнбейді?- дейді Ораз.(С.Мұқанов.)

3) Әшірбек сонда да аз сынып:

- Неге ақырын? – дегенде:

- Қатты көмір, -деді Әкім. (Ғ.Мұстафин.)

Төл сөзден кейінгі де етістігі деді, деп еді, дейді, деген еді сияқты тиянақты тұлғаларда айтылса, одан кейінгі автор сөзі алдына тиянақты не бағыныңқы сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

1) – МЕНің есебімді бер! – деді ол, Кенжетай ұсталып кеткесін. (С.Мұқанов.) 2) – А ...Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем... – деді де, БЫков өз жөніне кетті. (Ғ.Мүсірепов.) 3) – Алма, сен жақсы салдың еске! – деді Жанат, есіне жаңа түскендей. (Ғ.Мұстафин.)

Төл сөз бен авотор сөзін байланыстырып тұрған деп етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (деп, сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады), деп-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

3) Абай Асылбайдан:

- Қалада не хабар бар? – деп сұрады. (М.Әуезов)

4) «Егер Амантай болса, кескіні маған ұқсайды, мен інісі едім дейін», - деп ойлады ол. (С.Мұқанов.)

Егер деп-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, деп-тен кейін үтір қойылады. Мысалы:

4) – Тұр! –деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты.

5) Абай:

- ... Бірақ ондай-ондай сән табылар, ән табылмайды ғой! – деп, шіміркпей күлді де, жастарға қарай бұрылды.

6) – Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсың, Сикорскийдің конторына кел, - деп, кейін қарай бет алды. (Ғ.Мүсірепов.)

Төл сөзден кейін де етістігінің десе, дегенмен, дегенде, деген соң, дегенше, дегеннен кейін деді де түрлері тұрса, бұлардан соң үтір қойылады. Бұлардан кейінгі сөздер автор сөзі болмай, төл сөз болса, қос нүкте қойылады: Мысалы:

4) Бозторғайды аяған жұрт: «Бұ бишара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?»-десе, біреу: «Төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады», - дейді.

5) Балалар:

- Айдағанға көне ме ол, ата? – десе:-Неге көнбейді?- дейді Ораз.(С.Мұқанов.)

6) Әшірбек сонда да аз сынып:

- Неге ақырын? – дегенде:

- Қатты көмір, -деді Әкім. (Ғ.Мұстафин.)

Төл сөзден кейінгі де етістігі деді, деп еді, дейді, деген еді сияқты тиянақты тұлғаларда айтылса, одан кейінгі автор сөзі алдына тиянақты не бағыныңқы сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

1) – МЕНің есебімді бер! – деді ол, Кенжетай ұсталып кеткесін. (С.Мұқанов.)2) – А ...Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем... – деді де,

Быков өз жөніне кетті. (Ғ.Мүсірепов.) 3) – Алма, сен жақсы салдың еске!

– деді Жанат, есіне жаңа түскендей. (Ғ.Мұстафин.)

Төл сөз бен авотор сөзін байланыстырып тұрған деп етістігінен кейін төл сөзге қатысты етістік келсе (деп, сұрады, деп ойлады, деп үн қатты, деп айғайлады, деп сыбырлады), деп-тен кейін үтір қойылмайды. Мысалы:

5) Абай Асылбайдан:

- Қалада не хабар бар? – деп сұрады. (М.Әуезов)

6) «Егер Амантай болса, кескіні маған ұқсайды, мен інісі едім дейін», - деп ойлады ол. (С.Мұқанов.)

Егер деп-тен кейінгі етістік төл сөздің айтылуынан соң болатын істі білдірсе, деп-тен кейін үтір қойылады. Мысалы:

7) – Тұр! –деп, біреу қаттырақ дауыспен оятты.

8) Абай:

- ... Бірақ ондай-ондай сән табылар, ән табылмайды ғой! – деп, шіміркпей күлді де, жастарға қарай бұрылды.

9) – Бір сағаттан кейін сыртқа шығарсың, Сикорскийдің конторына кел, - деп, кейін қарай бет алды. (Ғ.Мүсірепов.)

Төл сөзден кейін де етістігінің десе, дегенмен, дегенде, деген соң, дегенше, дегеннен кейін деді де түрлері тұрса, бұлардан соң үтір қойлады. Бұлардан кейінгі сөздер автор сөзі болмай, төл сөз болса, қос нүкте қойылады: Мысалы:

7) Бозторғайды аяған жұрт: «Бұ бишара неге төмен қарай ұмтылмайды, неге жоғарылай береді?»-десе, біреу: «Төмендесе-ақ қағып түспей ме тұрымтай, соны біліп жоғарылап барады», - дейді.

8) Балалар:

- Айдағанға көне ме ол, ата? – десе:-Неге көнбейді?- дейді Ораз.(С.Мұқанов.)

9) Әшірбек сонда да аз сынып:

- Неге ақырын? – дегенде:

- Қатты көмір, -деді Әкім. (Ғ.Мұстафин.)

Төл сөзден кейінгі де етістігі деді, деп еді, дейді, деген еді сияқты тиянақты тұлғаларда айтылса, одан кейінгі автор сөзі алдына тиянақты не бағыныңқы сөйлемдер болса, араларына үтір қойылады. Мысалы:

- 1) – Менің есебімді бер! – деді ол, Кенжетай ұсталып кеткесін. (С.Мұқанов.) 2) – А ...Мен өзім де солай шығар деп ойлап ем... – деді де, Ббыков өз жөніне кетті. (Ғ.Мүсірепов.) 3) – Алма, сен жақсы салдың еске! – деді Жанат, есіне жаңа түскендей. (Ғ.Мұстафин.)⁴

Төл сөз туралы мәліметтен соң біріншіден берілген сөйлемдердегі төл сөз бен автор сөздерінің тыныс белгілерінің ережелерін анықтауға болады.

1. Абай Ділдә сөзін бітіркен жоқ: - Қой, Ділдә, Тіленшідей атадан сені керең құлақ қып туғызған мен емес. Шүленнен шөл туғызған мен деп пе едің – деп, кейіспен бір кекетті.
2. – Көштің байсал тапқаны,- көкорайға қонғаны, даудың байсал тапқаны – төрешіге барғаны – деп, құба жондатып, айтқалы отырған жайларын тұспалдап өтті...
3. – Көзің аққыр, көзің ақсын. Ей Құнанбай, аруақ қаны...Қарғыс атқыр – беп, Бөжей айғай салды.(М.Ә.)
4. Менің арыз айтуға ыңғайланғанымды сезді білемін, бай ашуына мінді:- Шық иттің баласы...Шық деген соң шық,- деп таяғына жармасты (С.С.)
5. Бірақ «бақташы байымайды» деп бекер айтты деймісің, бүгін бір бәле сап ете түсті: Қарамұраттың қара торпағы жоғалып кетті.
6. Қалай оқитыныңды сен емес, мен білуім керек пе?...-деп, мен қызарғанша едәуір кідіріс жасады да, - жақсы оқитының рас, мақтаншақтығың да бар...-деді. (Ғ.Мұстафин.)
7. Бұл Тайманға оқыс әсер еткендей болды: - Надяға менімен бірге отыру көңілсіз екен деп ойласа керек. (З.Қ).
8. –Жақсы, жігіттер, бұл өз ойларыңыз ғой...- деп сағатына қарады.

⁴ М.Балақаев. «Қазіргі қазақ тілі» Алматы. «Атамура» 2002ж.

– Көпшілігі – белгілі пікірлер. Мүмкін, кейін тыңдап көрерміз, қазір менің уақытым болмай отыр, ректоратқа асығып отырмын. Басқа шаруаларың жоқ па еді?

Содан соң барып текст бойынша төл сөздердің автор сөзінен қандай тыныс белгілері арқылы бөлініп тұрғанын анықтауға болады.

Үй иесі есіктен кіріп келген бойда қонақтарымен жылы ұшырай амандасты.

- Сізге керек адамның біреуі, міне осы кісі –деді сыбырлап аупартком хатшысы, - өзі де сөзге ұста. Бұл кісі жайында да әңгіме көп.

Үй иесінің қарапайым, кішіпейіл екені бірден көзге шалынды. Есік жақтағы орындыққа отыра кеткен. Аупартком хатшысы Надежда Николаевна Серова бізді бір-бірлеп таныстырды.

- Өте қуаныштымын. Алайда дәл бүгін Москва мен Алматыдан меймандардың келетінін біліп қалдық, кешіріңіздер, - деді отағасы.

Түр-тұрпатынан кавказдық екені білініп тұрған бұл кісінің қазақ тілінде мүдірмей сөйлегеніне біз таң қалып едік.

- Таңданбай-ақ қойыңдар,-деді осыны сезген Надежда Николаевна жайдары күліп,- Қаласаңыздар біздің Хүсекең домбырамен ән де салып береді.

Үй иесі меймандос, ақжарқын, әңгімешіл адам екен. Кеңесіміз шаруашылық, мал қыстау, малшылардың тұрмыстық әрекеті, қажеттері, талап-тілектері жайында өрістеді. Содан кейін аупартком хатшысы біздің сапарымыз жөнінде үй иесіне түсінік берді...

Надежда Николаевна біраздан соң ол кісіге менің тілегімді жеткізді. Сонан соң мен ол кісімен бірге басқа бөлмеге барып әңгімелестім.

...Бұл кісі Кавказда туыпты. Ұлты – чечен. Бұдан елу үш жылдан бұрын үй іші Чечен-Ингуш АССР-інен осы жерге көшіп келген. Содан соң анасы дүние салады. Сөйтіп оның есімі де, заты да өзгеріп, Хұсайын Әзиев боп шыға келеді. Он сегіз жасқа дейін қой, жылқы бағады. Өкіл әкесі жігітке Биғайша деген қызды қосады. Қойшы жастардың тұрмысы

жылдан-жылға жақсарып, бағы жанады. Қазір олардың он баласы бар.

⁵Биғайша Әзиева – Ардақты ана. Үлкен ұлы Серік пен қызы Майнаш – зоотехник. Екеуі де мал шаруашылығында бригадир. Екі ұлы әскери қызметте, біреуі қойшы, басқалары мектепте оқиды.

Бұдан он шақты жыл бұрын Хұсайын Әзиевтің тағдыры кенет өзгеріп кете жаздады. Әкесі мен ағалары Кавказға қайта көшуге қамданды. Бұған да талап қойды:

- Бізбен бірге кетесің....
- Кетпеймін,-деді Хұсайын.
- Сүйегі осы жерде қалады...

Туыстары ренжіп кетті. Бір күні Кавказдан “Әкең дүние салды. Тез жет!”- деген телеграмма келді. Хұсайын сол күні самолетке отырды. Барса, әкесі тірі екен. Бұлардың ойын түсінді де сол түні ешкімге айтпастан туп-тура Целиноградқа қайта ұшты.

- Қойшы, әйтеуір, - деді ол маған күле қарап.- Бала кезімнен бауар басып кеткендікі ме, далаға аңсарым ауып тұрады. Бұған көзім жетті. Поезбен жүру де, самолетпен ұшу да маған жақпайды. Әне, аулада екі машина тұр. Біреуі – “Жигули”, екіншісі “Нива”. Өте бір қажет болмас, оған да мінгім келмейді. Маған ең жайлысы қолыма таяқ ұстап, байтақ далада, мал соңында жүрген. Содан рахат жоқ. Біле берсең, мал бағу да өнер. Мәселен, кешқұрым қойды қораға қарай айдағанда асықтырмау керек. Тіпті бар ғой, тоқ малдың суыт жүрістен құмалақ тастауының өзі зиян... (С.М.)

Төл сөз тақырыбы таныстырыу мақсатында бастауыш сыныпта өтіледі, бірақ онша төл сөзден жүйелі білім берілмейді. Оқушылар 8-сыныпқа жеткенге дейін төл сөзді сөйлемдерді мәтіннен кездестіріп жүр, өздері қолданып, сөйлеп, жазады да. Сондықтан мұғалім төл сөз жайындағы сабақты бастағанда, көркем шығармалардан алынған төл сөздері бір үзіндіні оқудан не әңгімелеуден бастаған дұрыс. Үзінді

⁵ Төлеубай Қордабаев «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі» Алматы.1991 ж.24-бет

оқушылар үшін тартымды, тәрбиелі болуы керек. Үзінді арқылы мұғалім мәтіннің автор сөзі мен төл сөзден тұратындығын жеткізеді.

Төл сөздің бір сөйлемнен де, бірнеше сөйлемнен де келетінін, автор сөзінің де бір, бірнеше сөйлемнен не тұтас абзацтан тұратыны көрсетіледі. Сол мәтінді төл сөздің не үшін қолданылатыны, яғни сөйлеуші өз ойын біреудің сөзін сол қалпында өзгертпей, екінші адамға жеткізу үшін айтылатыны дәлелденеді. Бұдан кейін оқушылардың өздеріне сұрақтар қойып жетелеу арқылы төл сөзге мысалдар келтіргізеді, біреуінің сөзін екінші біреуіне төл сөз түрінде жеткізу тапысырылады, бұдан бұрынғы тақырыптарда, жаттығуларда және оқу материалдарында келтірілген ойшылдардың даналық сөздері төл сөз бен автор сөзі формасына түсіріліп айтқызылады. Даналық сөздер мен мақал-мәтелдері кіргізіп мәтін құрау тапсырылады, т.б. Қандай жағдайда төл сөз тырнақшаға алынатыны, қандай жағдайда тырнақшаға алынбайтыны жаттығу мәтіндермен дәлелденеді.

Келесі сабақта төл сөзді сөйлемдердің құрылысы мен тыныс белгілері өтіледі. Төл сөзді сөйлемдердің құрылысын меңгерту үшін, төл сөзі бар сөйлем төрт түрлі жағдайға орналастырылып, қайта құрылады. Төрт түрлі тәсілмен берілген төл сөздің айырым белгілері түсіндіріледі. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібін сызба арқылы түсіндіру уақытты аз алады және жеңіл ұғынуға көмектеседі.

Оқушылар сызбаға және сөйлемдер жазылған кестеге қарап, төл сөздің сөйлемдегі орнын, олардың тыныс белгілеріне байланысты ережелерді айтады.

Төл сөз бен оның тыныс белгілерін дұрыс қою дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген практикалық жұмыстарда мұғалім мынаған көңіл бөлуі керек: егер автор сөзін төл сөздің ортасында орналастырса, автор сөзі көбіне бастауыштан соң берілгені жөн, ал төл сөздің басында қыстырма, қаратпа сөздер келсе, автор сөзін сол қыстырма

мен қаратпадан кейін қойып жазуға да, айтуға да болады. Кейде автор сөзі толықтауыш, пысықтауыштан соң да келе береді.

Қазақ тілінде төл сөздің ортасында келген автор сөзі ешқашан да анықтауыштан соң айтылмайды. Тыныс белгілері оқулықта берілген ережеге қарап қойылады. Автор сөзінің төл сөздің ортасында келген түрі – төл сөздердің ең күрделі, қиын түрлерінің бірі, сондықтан оған уақытты басқаларына қарағанда көбірек бөлу керек.

Төл сөз бен автор сөзінің араласып келуі көбіне қолданыла бермейді, тек көркем шығармаларда ғана кездеседі. Төл сөз бен автор сөздерін араластыра қолдану кей жағдайларда стильдік қатеге ұрындырады, ұғымды ауырлатып, түсінуге қиындық келтіреді. Сондықтан төл сөздің мұндай түрі көркем шығармалардан кездестіргенді айыру үшін оқытылады.

Оқушылардың үсінуіне қиындық келтіретін жайт – төл сөздің ішінде төл сөздің келуі. Төл сөздің басқа түрлерін меңгерген оқушылар мұндағы қойылуға тиіс тыныс белгілерді дұрыс тауып қоя алады. Оқушылар төл сөздің ішінде келген төл сөз тек тырнақшаға алынып жазылатынын, басқа тыныс белгілер қойылмайтынын білсе, соған жаттықса болғаны. Мұны пысықтағанда, мысалды көркем әдебиеттен теріп алуға болады, сөйлеу тілінде де қолданылады. Оқулықта мынадай мысал келтірілген: ***Кейде әжем маған:** - «Ақыл арымайды, алтын шірімейді»*деген, *ақылды бол, балам, - дейді.* Мұнда алғашқы сызықша төл сөздің бәріне қатысты болса, тырнақша тек маақалға ғана қатысты. Осыдан оқушы мына ережені шығарып айта алуы керек: **«Бір төл сөздің ішінде екінші төл айтылса, алғашқысының алдынан сызықша қойылады да, соңғысы тырнақшаға алынады».**

Оқулықта дағды қалыптастыру үшін мынадай тапсырмалар берілген: мәтіннің төл сөзге қатысты тыныс белгілерін қойп жазу; кейіпкердің сөзін төл сөз етіп, автор сөзін оқушы өзі дайындау; берілген төл сөздің орын

тәртібін өзгертіп, тыныс белгілерін соған сәйкес дұрыс қоя алу, сұқбат алу; төл сөзді төлеу сөзге айналдыдырып жазу, т.б.

Төл сөзді төлеу сөзге айналдырудың жолдары оқулықта арнайы тақырыппен берілген.

Мұғалім сыныпта отырған оқушыларға, егер бөтен біреудің сөзі екінші біреудің сөзінің ішінде өзгеріссіз қолданылса, ол төл сөз деп аталатындығын, ал басқа біреудің сөзі өз сөзінде өзгеріске ұшырап, мазмұны ғана берілетін болса, төлеу сөз деп аталатындығын айтады. Сонымен бірге төл сөзді болсын, төлеу сөзді болсын, автор өз ойын дәлелдеу үшін, нақтылай түсу үшін және басқа біреуге ғибрат ету үшін қолданылатындығына көңіл бөледі. Автор төл сөзбен төлеу сөзді қолданғанда, оның өз сөзі әрқелкі дәрежеде қатынасады.

1. Егер автор басқа біреудің сөзін өзгеріске түсіріп, соның мазмұнын ғана сақтап жұмсаса, онда автор сөзі басм болады.
2. Егер біреудің сөзі өзгеріссіз, сол қалпында жұмсалса, онда автор сөзі сол төл сөздің бір сыңары болып қатысады. Төл сөз бен автор сөзін оқушылар қай жағдайда ажырата алмай қалады, соған қарай мұғалім мына секілді анықтама береді:
 1. Төл сөз – хабарланатын басқа біреудің сөзі.
 2. Автор сөзі – төл сөзді хабарлаушы адамның сөзі.
 3. Төл сөз автор сөзінің алдында, соңында және ортасында сонымен бірге кезектесіп те келе береді.
 4. Төлеу сөз автор сөзі мен төл сөзден құралады.

Енді осы айтылғандары көркем әдебиеттерден алынған мысалдардың негізінде оқушыларды көбірек қатыстыра отырып пысықтап, тағы бір рет айтып өтуге болады. Осыдан кейін төл сөзді сөйлемнің түрлері, төл сөздің тыныс белгілері туралы оқулықта берілген мағлұматтарды түсіндіруге көшу керек. Қазақ тілінде төл сөзді сөйлемнің төрт түрі бар:

- 1) төл сөз автор сөзінің алдынан келеді;
- 2) төл сөз автор сөзінің соңынан келеді;

- 3) төл сөз автор сөзінің ортасынан келеді;
- 4) төл сөз автор сөзінің екі жағынан келеді;

Төл сөздің бұл түрлерін оқытуда оларға мысалдар алып соларды талдап, жинақтап түсіндіру, не алдын ала төл сөздің аталған түрлеріне сызба жасап келіп, соны талдай отырып меңгерту керек. Берілген сызбадан төл сөз бен автор сөзінің орнын айқындап алғаннан кейін, тыныс белгілерінің ережелерін оқушыларды қатыстыра отырып, мұғалімнің өзі айтып береді.

1. Егер төл сөз автор сөзінен кейін келсе, автор сөзінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөз бас әріппен бастап жазылып, тырнақшаға алынады.
2. Егер төл сөз автор сөзінің алдына келсе, ол бас әріппен басталып, тырнақшаға алынады да, одан кейін үтір мен сызықша қойылып, автор сөзі кіші әріппен басталып жазылады.
3. Егер автор сөзі төл сөздің ортасында келсе, автор сөзінің бірінші бөлігінен кейін қос нүкте қойылады да, төл сөз бен бас әріптен бастап жазылып, тырнақшаға алынады, ал автор сөзінің соңғы бөлігі төл сөзден үтір мен сызықша арқылы ажырайды. Мұнда автор сөзі кіші әріппен жазылады.
4. Егер төл автор сөзінің екі жағынан келсе, онда бүтіндей сөйлем тырнақшаға алынып, автор сөзі төл сөздерден екі жағынан үтір мен сызықша арқылы ажырайды. Мұнда автор сөзі кіші әріппен жазылады.

Сонымен бірге төл сөздің екі бөлігі екі түрлі сөйлем болып келуі мүмкін. Мысалы: *Не деген өнегелі бала едің! – деді жолаушы. – Есімде жүрсін, - атың кім? (Ы.А.)* Мұндай жағдайда да автор сөзі кіші әріппен бастап жазылады. Сирек болса да, кейде төл сөз бен автор сөзі кезектесіп аралас келетінін де мұғалім оқушыларға ескертіп, мына секілді мысалмен көрсетуіне болады: *Шешесі: «Сол кісіні шақыр, - деді, - кетсін,- деп, - үйіміздің дәм-тұз татып»(Абай)*. Осы сөйлемнің сызбасын сыздырып, ереже шығаруға да болады.⁶

⁶ Б.Құлмағамбетов, П.Айтжанова. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». А.2009 жыл.23-бет

--	--	--	--	--	--

Төл сөздің енді бірқатар түрі бар: бір төл сөздің ішінде екінші бір төл сөздің келуі; біреудің айтқан сөзі мен ойлаған ойы немесе айтқан сөзі мен айтылмақшы сөзі қатар келетін жағдай және т. б. Оқулықтағы берілген кестелер мен сызбаларды оқушыларға талдату арқылы да төл сөз туралы олардың білімдерін тереңдете түсуге болады.

Төл сөздің тағы бір ерекше түрі – драмалық шығармаларда кездесетіні. Мұны оқушыларға меңгерту онша қиынға соқпайды, тыныс белгісіз жазыла береді. Мұны оқушыларға ескертіп, түсіндіріп қою керек.

Мектеп оқушыларына қиындық келтіретіні - автор сөзіндегі де етістігінен кейін қойылатын үтір. Бұл үшін деп, десе, дегенде, деді, дейді етістіктеріне аяқталған төл сөзден кейін автор сөйлемі басталса, үтір қойылатындығына ерекше назар аударту керек.

Тақырыбы: Төл сөз .

Мақсаты: а) Төл сөз бен төлеу сөз туралы жалпы мағлұмат беру;

ә) Мәтінді оқып,аудару;

б) Сөздік қорын молайту;

Оқыту мақсаты: а) Төл сөз бен төлеу сөзге мысал келтіру,

ә) жаңа сөздер мен сөз тіркестерімен таныстыру;

б) тақырып бойынша әр түрлі тапсырмалар орындау.

Өткізу түрі:түсіндіру,сұрақ-жауап,топтық жұмыс

Тақырып бойынша тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып,аударыңыз

2. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз

3.Төл сөз бен төлеу сөзді ажыратыңыз

1/ Ол менен қайда баратынымды сұрады.Інім бинокльды бір рет қарап көршіге беруімді өтінді.

2/ Келді де: «Абай шырағым, сені әкең шақырады»-деді.

3/«Шырағым», - деді кемпір, - «Сен далаға шығып келші».

4/ «Бұл не деген жұмбақ?»,- деді екеуі.

5/ Оспан деген әдепті бала. «Енді не істемекшісің?»,- деді ана .

6/ Ол ештеңе дей алмады.

7/ Ол менен: «Сен қайда барасың?»- деп сұрады

4.Мәтіндегі жаңа сөздерді жаттап алыңыз.

Таратылатын материалдар:

1. Карточкалар
2. Деңгейлік тапсырмалар
3. Мәтін бойынша сұрақтар

Бақылау үшін мынадай тапсырмаларды орындатуға болады.

1.Төл сөзді сөйлемді табыңыз

-«Абай жолы» романы – құнды шығарма

-«Қозы Көрпеш –Баян сұлу» жырын оқыдың ба?

-Оспан деген әдепті бала

- «Енді не істемекшісің?»,- деді ана

-Ол ештеңе дей алмады

2.Төл сөзді сөйлемді табыңыз

-киноға барайын деп едім

-мен өзім де солай шығар деп ойладым

-ерді намыс өлтіреді,қоянды қамыс өлтіреді

- «Бұл не деген жұмбақ?»,- деді екеуі

-сауатты болу дегеніміз –дұрыс жазып,дұрыс сөйлеу

3.Төл сөзді сөйлемді табыңыз

- «Шырағым», - деді кемпір, - сен далаға шығып келші».

-бұл – ойланатын нәрсе

-әркім - әуелі өз ауылының баласы

-туған жер – алтын бесік

-Сен мұнда неғып жүрсің?

4.Төл сөзді сөйлемді табыңыз

- біздің үйренген әніміз – «Құралай»
- «Аққу» ансамблі өнер көрсетті
- «Болашақ» мектебі алда
- «Көшпенділер» романын оқыдым
- Ол менен: «Сен қайда барасың?» - деп сұрады

5.Төл сөз дегеніміз не?

- өз сөзін біреудің сөзінде беру
- өзгеше сөзін сөйлеу
- сөзін өзгертіп,жалпы мазмұнын сақтап айту
- біреудің сөзін өзгеріссіз өз сөзінің ішінде беру
- өз сөзін сөйлеу

6. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз

Төл сөзден кейін келген автор сөзінің алдынан ... қойылады.

- нүкте
- үтір
- сызықша
- қос нүкте
- тырнақша

7.Төлеу сөз дегеніміз не?

- өзгертіп,жалпы мазмұнын сақтап айту
- өз сөзін біреудің сөзінде беру
- өзгенің сөзін сөйлеу
- өз сөзін сөйлеу
- біреудің сөзін өзгеріссіз өз сөзінің ішінде беру

8. Автор сөз деген не?

- біреудің сөзін өзгеріссіз өз сөзінің ішінде беру
- өзгенің сөзін сөйлеу
- Төл сөзді де, төлеу сөзді де жеткізіп, оған түсінік беретін сөйлеушінің өз сөзі
- өзінше сөйлеу

-өзгертіп, жалпы мазмұнын сақтап айту

9. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібі неше түрлі болады?

-5

-3

-2

-4

-1

10. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыз

Төл сөз бен автор сөзі айтылуда белгілі ... арқылы беріледі

-тыныс белгісі

-дауыс ырғағы

-сұрақ

-леп белгісі

-нүкте

ПАЙДАЛАНАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.А. Каримов « Биздан озод ва обод Ватан қолсин» 2 том, Ўзбекистон нашриети. 1996 й.
2. И.А.Каримов. Жоғарғы руханият- жеңелмес күш. Ташкент. 2008 жыл.
3. Валиева М. Білім беру технологиялары және оларды оқу – тәрбие үрдісіне енгізу. Алматы, 2002.
4. Ўзбекстан Республикасының «Тәлім туралы заңы».Ташкент.1997 ж.
5. Кадрлер дайындаудың ұлттық бағдарламасы.
6. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту куралы ретінде. Алматы, 2002.
7. Педагогика назарияси ва тарихининг айрим долзарб муаммолари. «Фан» 2006 йил.
8. Төлегенов. О. Қазіргі қазақ тіліндей жалпы модалды және мақсат пәнді жай сөйлем типтері. 1968 ж.
9. Жаңа педагогикалық технологиялар.Алматы,2005 жыл.
- 10.Педагогика.Х.Ибрагимов.Ш.Абдуллаева.Ташкент.2007 ж
- 11.Толибов.Т. Педагогик технологияларнинг татбиқий асослари.Ташкент.2006 ж
- 12.С.Рахметова «Қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар» Алматы. 2000ж.
- 13.Ә. Исабаев. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы. 1993ж.
14. Бастауыш мектеп. 2000ж. Алматы.
- 15.«Қазақ тілі және әдебиеті» журнал. 1995ж.
16. Ш.Сарыбаев. «Қазақ тіл методикасының кейбір мәселелері» Алматы.1990ж.
17. С. Қазыбаев. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Рауан. Алматы. 1990ж.
18. Ж.Даулетбекова. «Қазақ тілі» Алматы. «Атамұра» 2002ж.
19. Қазақ тілі мұғалімдерінің іс тәжірибесінен. Алматы. Мектеп. 2002ж.
20. Т.Мейірманқұлова. «Білім берудегі жаңа технологиялар» Алматы. «Үш қиян» 2005ж.

НАУАИ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ
Шет тілдер факультеті, Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағытының
3 – курс талапкері Утегенова Асиманың
«Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқыту методикасы»
тақырыбындағы бітіру жұмысына жазылған
П І К І Р

Бітіруші талапкер Утегенова Асиманың қазақ тілін оқыту методикасы пәніне сүйеніп жазған «Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқыту методикасы» тақырыбына жазған курс жұмысы көрсетілген методикалық талаптарға жауап береді.

Қазақ тілі сабақтарында төл сөзді оқытуда дәстүрден тыс әдістерді, компьютер мен ақпараттық технологияларды пайдалану оқытудағы білім мен тәрбиенің сапасын арттыру мақсатында тиімді, пайдалы жолын қарастыру болып табылатындығы жұмыс барысында көрсетіп өткен.

Жаңа әдіс-тәсілдерді жетілдіріп, тиімді оқытуда білу үшін мұғалім пәніне сүйіспеншілікпен қарап, ерінбей еңбек етіп қазіргі заман талабына сәйкес оқытудың заманауи технологиясын білуі қажеттігін түсіндірген.

Төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқытуда интерактив әдістерді пайдаланудың жолдарына тоқталған, интеграциялап оқыту үлгілерін көрсеткен.

Қазақ тілі сабақтарында төл сөз бен төлеу сөзді (бөгде сөзді) оқытуда жаңа технологиялардан қалай пайдалануды тарауларында көрсете білген. Жаңа технологиялардан пайдалану нәтижесінде оқушылардың еркін пікірлеу, сөйлеу, өз пікірін қорғау қабілеттерін арттыратындығын дәлелдеген.

«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасының аға оқытушысы:
_____Кумакбаева Г.К. «__» 2014 жыл

